



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2023

УДК 657(069)
ББК 65.052.21
С 23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

ISBN 978-601-337-851-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-851-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 20.11.1998 ж № 304-І «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000304> (қолдану күні: 20.03.2023)
2. Халықаралық аудит стандарттары - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/activities/8790?lang=kk> (қолдану күні: 20.03.2023)
3. Аудиторлық ұйымдардың сапасына сыртқы бақылау жүргізудің үлгілік қағидаларын, оның ішінде аудиторлық және кәсіби ұйымдарды тексеру өлшемшарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № 574 бұйрығы - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023080> (қолдану күні: 20.03.2023)
4. "Қазақстан Аудиторлар Одағы" КАҰ ресми сайты - URL: auditkz.kz (қолдану күні: 24.03.2023)
5. Сивцова Е.В. Совершенствование внешнего и внутреннего контроля качества аудита - URL: <https://www.dissercat.com/content/sovershenstvovanie-vneshnego-i-vnutrennego-kontrolya-kachestva-audita> (қолдану күні: 24.03.2023)
6. Сафонова М.Ф., Пугачева О.В. Пути совершенствования и развития контроля качества аудита – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/organizatsiya-vnutrennego-kontrolya-kachestva-audita-problemy-i-resheniya> (қолдану күні: 24.03.2023)

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ОРГАНДАРЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Хамзина А.Ж.

«Мемлекеттік аудит» БББ 1 курс магистранты, Л.Н.Гумилев
атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
E-mail: anelhamzina01@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада мемлекеттік аудит органдарының тәжірибесінде қаржылық есептілік аудитін жүзеге асырудың перспективаларын анықтау үшін халықаралық тәжірибеде қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыру ерекшеліктері қарастырылған. Автор әр түрлі елдердің қаржылық есептілік аудитін жүргізуіне шолу жасап, еліміздің мемлекеттік аудит органдарының тәжірибесіне енгізуге болатын ұтымды жақтары анықтады. Әлемнің жекелеген елдерінің қаржылық есептілік аудитінің жүргізілуін ұйымдастыру мен бақылау шаралары нысандарына шолу ҚР қаржылық есептілік аудитін тез реформалау және мемлекеттік қаржылық аудит институтын құру қажеттілігі мен мүмкіндігін дәлелдейді. Яғни мақалада шет елдердің қаржылық есептілік аудитін

ұйымдастырудың озық тәжірибесін зерделеу нәтижесінде бірқатар ерекшеліктер анықталып, біздің еліміздің мемлекеттік аудит органдарына пайдалы жақтары анықталды. Қорытындыда Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит органдары қаржылық есептіліктің аудитін жүргізу кезінде шет мемлекеттердің жоғары мемлекеттік аудит органдарының озық мүмкіндіктерін қолдана алатынына тұжырым жасалды.

Түйінді сөздер: аудит, мемлекеттік аудит, қаржылық есептілік аудиті, ішкі бақылау, шоғырландырылған қаржылық есептілік, мемлекеттік аудитор, бақылау органдары, мемлекеттік орган, мемлекеттік аудит стандарттары

Аннотация. В данной статье рассмотрены особенности осуществления аудита финансовой отчетности в международной практике для определения перспектив осуществления аудита финансовой отчетности в практике органов государственного аудита. Автором проведен обзор проведения аудита финансовой отчетности различными странами и определены рациональные стороны, которые можно внедрить в практику органов государственного аудита нашей страны. Обзор форм мер организации и контроля за проведением аудита финансовой отчетности отдельных стран мира свидетельствует о необходимости и возможности быстрого реформирования аудита финансовой отчетности РК и создания института государственного финансового аудита. То есть в статье в результате изучения передового опыта организации аудита финансовой отчетности зарубежных стран выявлен ряд особенностей и выявлены преимущества для органов государственного аудита нашей страны. В заключении сделан вывод о том, что органы государственного аудита Республики Казахстан могут использовать передовые возможности высших органов государственного аудита иностранных государств при проведении аудита финансовой отчетности.

Ключевые слова: аудит, государственный аудит, аудит финансовой отчетности, внутренний контроль, консолидированная финансовая отчетность, государственный аудитор, органы контроля, государственный орган, стандарты государственного аудита

Abstract. This article discusses the features of the audit of financial statements in international practice to determine the prospects for the audit of financial statements in the practice of state audit bodies. The author has reviewed the audit of financial statements by various countries and identified rational aspects that can be implemented in the practice of state audit bodies of our country. A review of the forms of measures for organizing and controlling the audit of financial statements of individual countries of the world indicates the need and possibility of rapid reform of the audit of financial statements of the Republic of Kazakhstan and the creation of the Institute of state financial audit. That is, in the article, as a result of studying the best practices of organizing the audit of financial statements of foreign countries, a number of features have been identified and advantages for the state audit bodies of our country have been identified. In conclusion, it is concluded that the state audit bodies of the Republic of Kazakhstan can use the advanced capabilities of the supreme state audit bodies of foreign states when conducting an audit of financial statements.

Keywords: audit, state audit, audit of financial statements, internal control, consolidated financial statements, state auditor, control bodies, state body, standards of state audit

Мемлекеттік аудит органдары әлемнің көптеген елдерінде жұмыс істейді және ең алдымен сыртқы бақылау функциясын орындайды. Алайда, әртүрлі елдерде жоғары мемлекеттік аудит органдарының функциялары мен өкілеттіктерінің егжей-тегжейлі тізімі әртүрлі. Кейбір елдерде белгілі бір әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізуді бақылауға байланысты міндеттер туындайды. Кейде мемлекеттік аудиттің жоғарғы органында мемлекеттік азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан (қайта аттестаттаудан) өткізу міндеті болады. Сонымен бірге жекелеген елдерде мұндай органдардың функционалдығы таза қаржылық талдау мәселелеріне дейін тарылды.

Қазіргі жағдайда әлемдік, оның ішінде Еуропа елдерінің тәжірибесін зерделеу процесі ұзақ сипатқа ие, себебі әртүрлі құқықтық жүйелері бар шетелдік институттар мысалында мемлекеттік аудит түрлерінің алуандығымен анықталады. Соның ішінде қаржылық есептілік аудитін жүргізу перспективаларын анықтау өте маңызды. Дамыған елдерде байқалып отырған үрдіс қаржылық есептілік аудитіне барған сайын үлкен рөл берілуде.

Норвегия Парламенті 1993 жылы Стортинг қызметті тексеру және конституциялық істер жөніндегі тұрақты Комитет құрды, ол өзінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде Есеп палатасы ұсынған есептерді қарастыруы тиіс еді. Бұл жерде Қазақстан үшін де осындай Комитет құру жақсы мүмкіндіктердің бірі болатын еді. Яғни Есеп палатасы ұсынған есептерді қарастыру нақты әрі дұрыс есептер алуға мүмкіндік болушы еді. Орталық үкіметтің органдарында жаңа ақпараттық технологиялар мен байланыс құралдарының енгізілуіне байланысты Есеп палатасы жаңа жүйелерге сүйене отырып, тексеру әдіснамасын жетілдіре бастады. Бұл жерде Қазақстан үшін Норвегия енгізген жүйелер маңызды болып табылады деп ойлаймыз. Себебі ондай жүйелер Жоғары аудиторлық палатасы және басқа да жоғары органдардың жұмысын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді [1].

Швеция Ұлттық аудит агенттігі мемлекеттік кәсіпорындар мен қорлардың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді, олардың шоттары жыл сайын тексеріледі. Сонымен қатар, Агенттік ішкі қаржылық бақылауды тиісті жоғары деңгейде қамтамасыз етеді [2]. Біздің елімізде қазіргі уақытта мемлекеттік органдарында ішкі қаржылық бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру мәселелері толық қалыптастырылмаған. Сол себепті Швеция елінің тәжірибесі маңызды болып табылады. Швеция Парламенті Есеп палатасына қатысты ерекше функциялары бар арнайы Кеңесті тағайындайды. Кеңес Парламентке Бас аудиторлардың есептеріндегі тұжырымдар мен ұсынымдарды негізге ала отырып, қандай да бір саяси шешімдер қабылдауды ұсыну қажеттігіне қатысты тәуелсіз бағалаулар шығаруы тиіс.

Канадада қаржылық аудит өзара байланысты екі тараптан – қаржылық есептілік аудитін және заңнаманы сақтау аудитінен тұрады. Канаданың бас

аудиторы қаржылық есептерде көрсетілген операциялар мен қалдықтардың іріктемесін ғана тексереді. Қаржылық есептілік аудиті рәсімдері жоспарланатын операцияларға қарсы операциялардың нәтижелерін салыстыруды, кәсіпорында орнатылған қаржылық бақылау жүйелерінің сенімділігін тексеруді, сондай-ақ компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып мәмілелер мен баланстардың іріктемесін тексеруді қамтиды [3]. Осылайша, Канаданың аудит тәжірибесі ҚР үшін көптеген себептер бойынша қызықты. Әсіресе қаржылық есептілік аудитін жүргізу тәжірибесінде ұқсастықтар болғандықтан, бұл елдің озық мүмкіндіктерін еліміз қолдануы тиіс деп санаймыз.

АҚШ-та мемлекеттік аудитті жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік аудит стандарттары да әзірленді, оларға сәйкес елдегі қаржылық аудит қаржылық есептілік аудиті және басқа да тиісті қаржылық тексерулер болып бөлінеді [4]. АҚШ-та «сары кітапқа» сәйкес жүзеге асырылатын қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері туралы аудиторлық қорытынды қаржылық есептілікті жасауға ішкі бақылау туралы, заңнаманы, нормативтік-құқықтық актілерді, келісімшарттар мен гранттар туралы келісімдерді сақтау туралы есептерді қамтиды. Мұның бәрі мемлекеттік аудиторлардың орындайтын тікелей және қосымша міндеттер тұрғысынан Қазақстан үшін де өзекті [5].

АҚШ-тың пайдалы тәжірибесі – бұл жерде аудит процесі негізгі ұғымдар, процедуралар мен есеп беру тәжірибелері бар стандарттарға негізделген. Яғни мемлекеттік бақылау басқармасы Лима декларациясының қағидаттарын іске асыратын мемлекеттік аудит стандарттарын үнемі жетілдіріп отырады. Қазақстан жас мемлекет болғандықтан, көптеген жаңалықтарды іс жүзінде игеру еңбекті қажет ететін және күрделі процесс болып табылады. Тәжірибенің болмауы дұрыс емес шешімдер мен қателіктерге әкелуі мүмкін. Сондықтан шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу кезінде бізге халықаралық тәжірибені ескеру және пайдалану қажет.

Жоғарыдағы елдерде ішкі бақылауға басты назар аударатынын білдік. Яғни көптеген процесстермен, транзакциялардың үлкен көлемімен және күрделі құрылымдармен қаржылық тексерулер жүргізілетін жерде аудиторлық дәлелдерді жинаудың тиімді құралы көбінесе ішкі бақылауға сүйену болып табылады [6]. Ал Қазақстанға келетін болсақ, сыртқы аудит органдары өз жұмысында аудит объектілерін ішкі бақылау жүйесіне сене алмайды. Сол себепті сол озық елдердің ішкі бақылау жүйесі тәжірибесін алу керек деп ойлаймыз. Бірнеше шет елдердің мемлекеттік аудит органдарында қаржылық есептілік аудитінің жүргізудің озық мүмкіндіктері 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

Шет елдердің мемлекеттік аудит органдарында қаржылық есептілік аудитінің жүргізу ерекшеліктері

Австрия	Нормативтік құқықтық актілерді сараптау аясында Есеп палатасы федералды бюджет жобасын әзірлеуге қатысады. Есеп палатасы мемлекеттік қызметшілерге сыйақы төлеу үшін түзету коэффициентін айқындайды, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің
---------	--

	<p>орташа табыстары мен зейнетақы жеңілдіктері туралы есепті қалыптастырады.</p> <p>Австрияның Есеп палатасы тәжірибе алмасуға маңызды рөл береді және тәжірибе алмасудың кең бағдарламасын бастады, оның ішінде Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің бақылау органдарының мамандарын оқыту, мемлекеттік қаржыны бақылау жүйесінің жұмыс істеуі туралы ақпарат беру және алу және оны іс жүзінде тиімді түрде жүзеге асыру тәжірибесімен алмасу мақсатында.</p>
Германия	<p>Германиядағы Федералды Есеп палатасы Федералды және жер шоттарын мемлекеттік қаржылық бақылау шоттардың дұрыстығын тексеруді қамтиды. Осы мақсатта бухгалтерлік кітаптарда көрсетілген сомалар бюджеттің атқарылуы туралы есептік деректермен салыстырылады.</p> <p>Германияның Федералды Есеп Палатасы тәжірибесін зерделеу қаржылық аудитті жүргізудің барлық рәсімдерін регламенттеу жүктелген функцияларды барынша тиімді орындауға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Әсіресе, квазимемлекеттік сектор субъектілері санының тұрақты өсуі жағдайында Қазақстанда Германиядағы бюджеттік қаржыландыруды бақылау тұрғысынан қаржылық есептілік аудиті тәжірибесі қызығушылық туғызады.</p>
Франция	<p>Францияда Есеп соты тәуелсіз сот билігі мәртебесіне ие. Есеп палатасының сот өкілеттігі мемлекеттік бухгалтерлерді мемлекеттік шоттарды тексеру нәтижелері бойынша жауапқа тартудан немесе босатудан, сонымен қатар, жүргізілген тергеулер туралы есептерді сот отырысына ұсынудан тұрады. Яғни, қаржылық есептілік аудитін ұйымдастырудың отандық практикасын дамыту үшін ерекше аспект, Францияда сияқты бақылау органы ретінде ғана емес, сот органы ретінде мемлекеттік аудит органын ұйымдастыру болып табылады. Бұл сот процесінің тәуелсіздігін іске асыруды қамтамасыз етуге және сот органының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға мүмкіндік беруші еді.</p> <p>Қазақстанда қолдануға болатын Францияның оң тәжірибесі – бұл ішкі бақылау мен қаржылық есептілік аудитті ұйымдастырудың тәсілі, оның жоғары тиімділігі көптеген жылдар бойғы тәжірибемен, сондай-ақ мемлекеттік есептерге қойылатын талаптармен расталады.</p>

Грекияның Есеп соты жоғары сот мәртебесіне ие және ол жол берілген бұзушылықтар негізінде аудит объектілеріне өз бетінше санкциялар қолдана алмайтындығына қарамастан, құзыретті құқық қорғау органдарынан тергеу жүргізуді талап етуге құқылы. Сондай-ақ Грекияның мемлекеттік қаржылық аудитке байланысты нормативтік актілерді сараптау бойынша өкілеттіктер зейнетақылар туралы заң жобалары арқылы нәтижелер шығаруға қатысты бекітілген. Сондай-ақ, Грекияда өз ісін жүргізу үшін Сот барлық бухгалтерлік кітаптар мен растайтын құжаттарға шектеусіз қол жеткізе алады және орталық және жергілікті үкімет қызметкерлерімен кездесуі мүмкін. Егер растайтын құжаттар және ақпарат сенімсіз болса, сот талап қою мерзімі ішінде шот бойынша өз шешімін қайта қарауға құқылы.

Осылайша, шетелдік қаржылық бақылау органдарының құрылымын талдау жоғары қаржылық бақылау органының қызметін кеңейтуге және оның

тәуелсіздігі мен бейтараптығын қолдауға өсіп келе жатқан жалпы әлемдік үрдістерді байқауға болады. Барлық мемлекеттердің нормативтік-құқықтық актілерінде кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу қажеттігі туралы ереже бар. Қазақстан жас мемлекет болғандықтан, көптеген жаңалықтарды іс жүзінде игеру еңбекті қажет ететін және күрделі процесс болып табылады. Тәжірибенің болмауы дұрыс емес шешімдер мен қателіктерге әкелуі мүмкін. Сондықтан қаржылық есептілік аудитін іске асыру кезінде еліміздің мемлекеттік аудит органдары халықаралық тәжірибені ескеруі және пайдалануы қажет.

Осылайша, шетелде аудитті анықтауда қаржылық есептілікті тексеруге баса назар аударылады. Еліміз халықаралық тәжірибеден сыналған және оң нәтижелер берген барлық ақылға қонымды және маңызды нәрсені алған жөн деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

- 1 Теория государственного аудита. – Астана: Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета, 2018.-328 с.
- 2 Климанов В.В., Михайлова А.А., Яговкина В.А., Казакова С.М., Сравнительный анализ высших органов государственного аудита в странах мира // [Электрондық ресурс] URL:<https://ssrn.com/abstract=3633966>
- 3 Канада бас аудиторының ресми сайты. // [Электрондық ресурс] URL: <http://www.auditor.on.ca/index.html>
- 4 Малицкая В.Б. Современное понимание аудита и его концептуальное содержание // Вестник Воронежского государственного аграрного университета. 2013. №2. – Воронеж: Издательство ВГАУ №2 (37), 2013. – с.313-319 // [Электрондық ресурс] URL: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_20206490_72024361.pdf
- 5 Алибекова Б.А. Государственный аудит финансовой отчетности // Central Asian Economic Review. – 2018. - №4(122). – с.72-83 // [Электрондық ресурс] URL: https://www.elibrary.ru/download/elibrary_44888764_56022775.pdf
- 6 Кари А. Мемлекеттік аудит органдарының қызметінде қаржылық есептілік аудитін іс жүзінде енгізудің келешегі // Аудит. Арнайы шығарылым, 2015, 43-47 б.